



**«Степногорск қаласының білім бөлімі» ММ**

**Тақырыбы:**

**«Сабақта жаңа әдістерді қолдана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»**

**«Ақсу кентінің №2 орта мектебі» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі  
Кадырбаева Кумыс Жанбырбайқызына  
модератор санатын беру**

**2020 ЖЫЛ**



## Мазмұны

I. Автор жайлы мәлімет.....	3 бет
II. Аннотация .....	4 бет
III.Тәжірибенің мазмұны .....	5 бет
IV.Қорытынды.....	19 бет
V.Пайданылған әдебиеттер.....	21 бет
VI.Қосымша.....	22 бет

- a) Ашық сабақ Сабақтың тақырыбы: «Елді мекендер қандай болады?» 3 сынып
- b) Сыныптан тыс-шара «Тәрбие бастауы отбасында»



Кадырбаева Кумыс Жанбырбайқызы

**Туған жылы:** 23.05.1997

**Білімі:** негізгі орта

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

**Еңбек өтілі:** 2 жыл

**Білімін жетілдір курстары:**

- ❖ Жаңартылған білім беру аясында. БЖ №119761. Көкшетау қ, 2019ж. 24 маусым -12 шілде.
- ❖ Жаңартылған білім беру аясында. БЖ №037324. Көкшетау қ, 2019ж. 30 шілде
- ❖ «Отбасылық тәрбиелеу институты» ЖШС №455 Нұр-Сұлтан қ. 30.09.2019 ж.
- ❖ «Педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру» №00454. Нұр-Сұлтан қ. 2019ж. 31 қазан
- ❖ «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы инклюзивтік теория және практика: жай-күйі, проблемалары, перспективасы» №113349. Павлодар қ, 28.10.2019-12.11.2019жж

**Пән:** бастауыш сынып мұғалімі

**Санаты:** жоқ

**Жұмыс тәжірибесінің тақырыбы:**

«Сабақта жаңа әдістерді қолдана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»

### **Аннотация**

Қазіргі білім берудің басты мақсаты — шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту — мектеп мұғалімдердің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі.

Оқушының шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет. **Мақсат** — оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылық жұмысқа баулу, ой-өрісінің дамуына мүмкіндік тудыру. **Міндет** - оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жан-жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми - зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Алға қойған мақсат пен міндетті орындау үшін оқушы жастардың танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға ден қою қажет.

Жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда үнемі түрлендіріп, тиімді пайдалану, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың бірден-бір жолы. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл, елінің ертеңін ойлар жас жеткіншектерді тәрбиелей аламыз.

## Тәжірибенің мазмұны

Шығармашылық дегеніміз — оқушының белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи - қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», — деп түсіндіріледі.

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Бұл мәселені шешуде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар оқушының білім деңгейін — оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады.

1. Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар (сөзжұмбақ, ребус шешу, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыру).

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (мәтінді өңдеу, берілген мәтіннен диалог құрастыру).

3. Өз ойынан еркін тақырып құрастыруға берілген жұмыс түрлері (өлең, ертегі, әңгіме, шығарма жазу).

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін басым міндетті оқушының өз қолына беріп отырған дұрыс.

Тапқырлық пен шеберлікке шыңдалу кезеңі. Бұл кезеңде оқушы белгілі бір шығармаға өзіндік көзқарас білдіріп, пікір жазады, мәтінге әдеби - теориялық толық талдау жүргізеді, кіші ғылыми жұмыстарды қорғайды, әңгіме жазады. Осы үш кезеңнен өткен оқушы нағыз шығармашыл тұлға болып дараланады.

Проблемалық және шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойлау, танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Бұл жұмыстарда мәтіндерді редакциялау, мәтін бойынша өзгеше нұсқа құру, эссе, шағын шығарма жаздыру секілді жұмыстармен қатар жоба жасау, проблемалық жағдаяттарды шешу, сөз жұмбақтар және т.б. әрекеттер қамтылады.

Жазба жұмыстарының ішінде оқушылардың өзіндік ойын, тілін қалыптастырудағы жұмыс түрі шығарма болып табылады. Ол — оқушылардың шығармашылық еңбегі. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат — оның ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой өрісін кеңейтуге машықтандыру.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу;
3. Шығармашылық іс-әрекетке жағдай туғызу.

Шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың төмендегідей түрлері бар:

- \*Тақырыпты мазмұнына сай жинақтау
- \*Арнайы бір тақырыпқа пікір-талас тудыру
- \*Шығарма, шағын әңгіме құру
- \*Сөз жұмбақ құру, шешу
- \*Қиялдау арқылы сурет салу.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп.

1. Тәрбие сағатында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту  
Тәрбие сағатының өзінде де оқушы шығармашылығына үлкен жол ашуға болады.

Ол үшін мен мынадай жолдарды атап өтер едім:

- \*Өтілетін тақырып бойынша оқушыға тірек сөздер беріледі де, шығарма немесе ой - толғау жаздыруға болады;
- \*Тақырып мазмұнына орай сурет салдыру;
- \*Өтіп отырған тақырыбымызға байланысты қосымша мақал-мәтел, нақыл сөздер жинастырып келу;
- \*Өлең шығарту.
- \*Кейбір тақырыптарға шығарма, пікір, ойтолғау жаздыру.

3. Үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту:

- \*Ертегі құрастырту;
- \*Ақындардың стилі бойынша өлең шығарту;
- \*Диалог құрастырту;
- \*Әңгіме, ойтолғау жаздыру;
- \*Ақындарды өлеңдерін жазып, жаттау;
- \*Реферат жазу

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі бала шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру. Шығармашылық - тұлғаны дамытудың ең тиімді тәсілі. Күнде өзгеріп отырған аласапыран өмірде аман қалу, биіктерге беттеу, нәтижелерге жету тек қана шығармашыл адамдардың қолынан келеді және бұл мәселені неғұрлым ерте қолға алса, соғұрлым нәтижелі болатындығы дәлелденген.

Шығармашылық барлық адамда болуға тиісті сапа. Алайда, біздің өмірімізде әр адамның жаңалық ашуы сирек кездесетін жағдай. Неге? Американдық ғалым Н.Роджерстің әр адам бала кезінен бастап «Сен мынаны дұрыс жасамадың!», «Бұл қате!», «Олай емес!» деген сынау сөздерді көп естиді. Кейде тіпті жаза да қолданып жатады. Адамдардың өз бойындағы, «ол менің ісім емес» деген сенімсіздік осыдан басталады екен. Осы пікір саналы адамның баршасына ой саларлықтай. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау.(топтау, бақылау, қалыптастыру)
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.
- 4.Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама- қайшылықтарды есепке алу.
5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.
6. Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтап, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын
7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Жоғарыда аталған мәселенің екінші тармағына тоқталатын болсақ, қызығушылық, ақыл-ойды жетілдіру жеке адам тәрбиесінде байланыстырушы буын болып табылады. Қызығушылықтың арқасында білім де, оны игеру үрдісі де, интелекті дамытуда қозғаушы күш және жан-жақты дамыған адам тәрбиелеудегі маңызды фактор болуы мүмкін. К.Д. Ушинский: «Еріксіз көндірумен, күштеумен алған білім дамыған ақыл тудыра қояр ма екен?» - деген екен. Ендеше, оқыту ерікті қызығушылық жағдайда болуы керек.Сондай-ақ оқушы шығармашылығын дамытуға негізделген әдіс - тәсілдерді тек сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда үнемі қолданып отырса, сонда ғана көздеген нәтижеге қол жетері сөзсіз. Оқушы шығармашылығын дамытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой-әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру қажет. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыра тын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылық қабілетін дамытады.Шығармашылық тұлғаны дамытуды ең алдымен шығармашылық ойлаудан бастау керек. Ал шығармашылық ойлауды дамыту үшін не істеу керек? Ол үшін әр түрлі жаңа технологияларды сабақта үнемі пайдалана отырып, жаңа нәтижеге жету қажет. Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасатындықтан, ойдың жылдамдығы, икемділігі, тапқырлығы, дәлдігі маңызды рөл атқарады. Мұғалімдері шығармашылық жұмыспен айналысуға даяр болуы керек, нәтижеге жетуге ұмтылу қажет. Оқушыға берілетін жекелей тапсырмалардың үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгеймен жұмыс жасау керек. Міндетті оқушылық деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушыларға алдыңғы білімдеріне және оқушыға байланысты. Бұл тапсырмаларды барлық оқушы орындай алуы тиіс. Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылданған ақпаратты пайдалана отырып, орындайды. Өтіп кеткен материалды оқушы талдап бұрынғы тапсырмаға сәйкес орындайды. Алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп өзі қосымша әдебиетті қолдана отырып, жауап береді. Эврика. Анализ бен синтез салыстыру арқылы анықтау, қорытындылау. Ребус, сөзжұмбақ анаграмма құрау.

Бұл шығармашылық деңгейде оқушы құбылысты өз бетінше талдай келіп, шағын ғылыми шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Бұл оқушыға «кішкентай» жаңалық ашқанмен барабар.

**Тіл сабақтарында оқушылардың шығармашылығын дамытатын тапсырмалар:** жазбаша тапсырмалар, ауызша тапсырмалар деп екіге бөлдім. Жазбаша тапсырмалар шығарма, эссе немесе хат жазу, өлең құрастыру.

Ауызша тапсырмалар тірек сөздер беру арқылы және суреттерге қарап әңгіме құрастыру, ребустар мен сөзжұмбақтар құрастыру.

Бұған мысал 3-ші сыныпта қазақ тілі сабағында “Сөйлем мүшелерінің байланысы” тақырыбын өткенде сабақты ойын сабақ түрінде өттім. “Бәйге”, “Теңге ілу”, “Аударыспақ”, “Көкпар”, “Жорға”, “Қыз қуу” ойындары арқылы “Жұмбақты жалғастыру” оны шешу, мақал – мәтелді жалғастыру жұмыстары жүргізілді. Баланың ақыл — ойы, дүниетанымы кеңейді. Осындай әртүрлі жұмыстар арқылы, оқушылардың сөйлеу тілі дамиды деп ойлаймын.

2-ші математика сабағында 35-7 есептеу тәсілі тақырыбында “Білімнің шыңына шығайық” ойын сабағын өткіздім. Бұл сабақта оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал еттім.

Оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары формасына олардың өз еркімен амал — тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Оқушылардың шығармашылығын, іздемпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар мен ғылыми — шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Оқушылардың танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану — олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сондай — ақ мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркем өнер және техникалық көрмелер, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Бастауыш сыныпта «Ана тілі» және «Қазақ тілі» сабағында ұтымды уақыт тауып, шығармашылық жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Ол үшін мұғалім мәтіннің, жаттығудың өн — бойынан шығармашылық тапсырмаға лайықты жағдайлар іздеп табуы керек. кейбір практикалық тапсырмаларды да шығармашылық арнаға бұрып, өзгертуге болады. Бастауыш сынып оқушыларының қиялы әдеттегіден тыс, ерекше. Олар естіген әңгімелер, ертегі желісімен өзі де оларды құрастыра алады. Сондықтан мұғалім ертегіні немесе әңгімені бастап беріп, оны аяқтауға оқушыға тапсыратын болса, балалар оны аяқтаудың түрлі жолдарын қарастырады.

Шығармашылық тапсырма түрлерін сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, психологиялық таралым, шығармашылық қабілетінің даралығына қарап, әр сынып бойынша әрі қарай жалғастыра беруге болады.



## **Жаңа тақырыпты оқуға арналған белсенді әдістер**

### **1.«Интерактивті дәріс»**

#### **1. Орындалу барысы**

**А.** Мұғалім оқушыларға жаңа тақырып бойынша жалпылама дәрістің мәтінін әр топқа арнап береді. Оқушылар арнайы тапсырмаларды орындайды. Мәтін практикалық жұмысқа арналған және нақты болуы қажет. **В.** Оқушылар топ ішінде бір-біріне көмектесе отырып, дәрістің мағынасын түсінеді. Оқушылар өздеріне түсініксіз болған жағдайларға байланысты бір-біріне сұрақтар қоя алады. Мұғалім сұрақтарға ешкім жауап бере алмаған жағдайда ғана сұрауға рұқсат етеді. **С.** Дәрістің мәтінімен жұмыс жасап болған соң оқушылар жекелей тапсырмалар орындайды. Жұмыстың бұл кезеңінде бір-бірінен сұрау, көмектесуге рұқсат берілмейді, оқушылар тек жеке тапсырмалармен жұмыс жасайды.

Әдістің басты ерекшелігі жеке тапсырмаларға арналған бағалау жүйесінде болып табылады. Бағалау салыстырмалы түрде қойылады. Оқушы алдыңғы тапсырмадан қарағанда жоғары ұпай алған кезде ғана топ қоржынына өз үлесін қоса алады. Жоғары ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады.

### **2. Фильмдерді көру және оны талдау**

Сабақ барысында көркем фильмдерді және шағын бейне-баяндарды, олардың үзінділерін қолдануға болады.

Тақырып пен мақсатқа сай материалды тек қана қосымша емес, сабақтың кез келген кезеңінде көрсетуге болады. Көрсетілімнің алдында оқушыларға бірнеше (3-5) кілтті сұрақтарды беріп қою қажет. Бұл талдауға негіз болатын сұрақтар. Фильмді арнай таңдалған жерлерінен тоқтатып дискуссия өткізуге болады. Соңында оқушылармен бірге талдап, қорытындысын шығару қажет.

### **4.«Мозаика»**

#### **Өткізу кезеңдері**

**А.** Үзінділерге бөлінген, тапсырмамен жұмыс істеу үшін оқушылар 4-6 адамнан құрылған топтарға ұйымдастырылады (логикалық немесе мағыналы блоктар). Шағын топтың әр бір мүшесі өз бөлімі бойынша материал табады.

**В.** Содан кейін бір сұрақты зерттейтін, бірақ әр түрлі шағын топтарда тұратын оқушылар осы мәселе бойынша сарапшылар сияқты, кездеседі және осы ақпаратпен алмасады. Бұл «сарапшылар кездесуі» деп аталады.

**С.** Ары қарай сарапшылар өздерінің шағын топтарына қайтады және басқа шағын топтардың мүшелерінен үйренген барлық жаңа білгендерін үйретеді. Яғни, өз кезегінде, өз тапсырмасының бөлігі туралы баяндайды (бір араның тіліндей). Өйткені материалды барлық фрагменттерімен меңгерудің жалғыз жолы, серіктестерін команда бойынша мұқият тыңдау және жазып отыру, мұғалім тарапынан ешқандай қосымша күш талап етілмейді. Оқушылар жолдастарының өз тапсырмаларының адал орындағандарын қалайды, өйткені бұл олардың қорытынды бағаларына әсер етеді. Барлық тақырып бойынша әр қайсысы және барлық команда толық жауап береді.

Д. Қорытынды кезеңде мұғалім осы тақырып бойынша кез келген сұрақты команданың кез келген мүшесінен сұрайды.

#### **4-А Метод Jigsaw-2 «Пи́ла-2»**

Бұл әдіс 4-5 адамнан құрылған топпен оқушылардың жұмысын көздейді.

##### **Өткізу кезеңдері**

А. Кіші топтың әрбір мүшесі ортақ жұмыстың жеке бір бөлігін алу орнына, бүкіл шағын топ сол бір жұмыспен ғана жұмыс істейді. Бірақ бұл ретте топтың әрбір мүшесі тапсырма алады, ол айрықша мұқият әзірленеді және оған сарапшы болады.

Б. Әр түрлі топтардың сарапшыларының кездесулері өткізіледі.

С. Сабактың соңында барлық оқушылар бағаланатын жеке бақылау кесіндісінен өткеді. Оқушылардың нәтижелері жинақталады. Ең жоғары балдарға қол жеткізген шағын топ марапатталады.

##### **5. Пікірталас**

**Мақсат:** сыныптағы проблеманы талқылауды ұйымдастыру.

##### **Өткізу кезеңдері:**

А. Пікірталастың проблемасы мұғаліммен тұжырымдалады.

Б. Оқушылар 6-8 адамнан шағын топтарға бөлінеді, олар шеңбер бойынша сыныпта орналастырылады.

В. Әр бір шағын топтың мүшелері өкілін немесе төрағасын сайлайды, ола пікірталас барысында олардың позициясын жақтайды.

Г. 15-20 минут барысында шағын топта проблемалар талқыланады және жалпы көзқарас өңделеді.

Д. Топтардың өкілдері шеңбердің ортасына жиналады және топтың ойын айтуға олардың позицияларын жақтауға мүмкіндік алады. Басқа оқушылар шағын топтың өкілдерінің жалпы позицияны қаншалықты айшықтай алатындығын талқылау мен тақырыптың барысын қадағалайды. Олар жеке ойларын айта алмайды тек қана талқылау барысында өз пікірлерін білдіретін жазбаларын ғана жолдай алады.

Е. Топтардың өкілдері басқа мүшелермен ақылдасу үшін үзіліс ала алады.

Ж. Панельді талқылау берілген уақыт аяқталғанда немесе шешім қабылданғаннан кейін аяқталады.

З. Пікірталас аяқталғаннан кейін топтардың өкілдері талқылаудың барысы туралы сыни талқылау жүргізеді, ал шешім барлық студенттермен қабылданады.

##### **6. «Аквариум»**

**Мақсат:** оқушыларға проблеманы талқылауға еркін кіруге және шығуға мүмкіндік береді.

##### **Өткізу кезеңдері**

Оқушылар мұғаліммен бірге екі шеңбер құрады: сыртқы (бақылаушылар) және ішкі (белсенді қатысушылар).

Ішкі шеңбердің мүшелері мұғаліммен ұсынылған сұрақты талқылауға белсенді қатысады. Басқа оқушылар бақылайды және олардың қайсысының нұсқасы қызықтырғанда ғана сөз сөйлейді; олар

толықтырады, сұрақтар қояды, нақтылайды. Сонымен қатар оны өз нұсқасымен қызықтырған «бақылаушы» белсенді қатысушының қасына тұруға тиіс.

Бір проблеманы (сұрақты) талқылағаннан кейін, оқушылар орындарын ауыстырады ( шеңберден алыс тұрғандар шеңберге отырады). Мүмкіндігінше, барлық оқушылар шеңберде болуы керек.

## **7. Кейс-стади**

### **Case-study өткізу кезеңдері**

Кесте 1

**Кезеңдер.** Мұғалімнің әрекеті. Оқушының әрекеті

#### **Сабаққа дейін**

**А.** Кейсті алады ( нақты жағдай).

**В.** Оқушыларды дайындау үшін көмекші материалдар мен негізгілерді анықтайды .

**С.** Сабақтың сценариін өңдейді.

**А.** Ұсынылған әдебиеттің тізімі мен кейсті алады.

**Д.** Жағдайды талқылауға дайындалады.

#### **Сабақ барысында**

**А.** Кейсті алдын ала талқылауды ұйымдастырады.

**В.** Сыныпты топтарға бөледі.

**С.** Кейсті топшаларды талқылауды жетекшілік етеді, оқушыларды қосымша мәліметтермен қамтамасыз етеді.

**А.** Кейсті және проблеманың түсінігін тереңдететін сұрақтарды қояды.

**В.** Шешімдердің нұсқаларын өңдейді, басқалардың ойларын назарға алады.

**С.** Шешімдерді қабылдауға қатысады.

#### **Сабақтан кейін**

**А.** Оқушылардың жұмыстарын бағалайды.

**В.** Қабылданған шешімдерді және қойылған сұрақтарды бағалайды. Берілген үлгі бойынша сабақ туралы жазбаша есеп құрайды.

## **9. Құрылымдалған қайшылықтар әдісі**

### **Өткізу кезеңдері**

**А.** Төрт адамнан шағын топта оқушылардың екі жұбы айқындалады.

**В.** Шағын –топ қарама –қайшы

сипаттағы проблемаға айшықталған және қарсы шешімі бар тапсырма алады.

**С.** Жеңу үшін емес, проблеманы толық түсіндіру үшін қажетінше көп материал жинау мақсатында, әр бір жұп проблеманың бір жағын талқылайды.

**Д.** Содан кейін әр бір жұп проблеманың қарсы жақтарын талқылайды.

Қорытындысында барлық шағын топтың проблемаларын біртұтас шешу болуы қажет.

### **8. «Алаңдардағы белгілер» әдісі**

Оқушылар мәтін алады және оған тиісті белгілерді қояды:

“+” – сіздің оқып отырғаныңыз сіздің білгеніңізге сәйкес болса, алаңға қойыңыз;

“-” – сіздің оқып отырғаныңыз сіздің білгеніңізге қарсы болса немесе бұны білемін деп ойласаңыз, алаңдарға қойыңыз;

“V” - сіздің оқып отырғаныңыз жаңа болып табылса, алаңдарға қойыңыз;

“?” - сіздің оқып отырғаныңыз, түсініңіз болса немесе бұл сұрақ бойынша сіз нақты мәліметтерді алғыңыз келсе алаңдарға қойыңыз.

Осылайша, мәтінді оқу барысында оқушылар өз білімдері мен түсініктеріне сәйкес алаңдарға төрт түрлі белгі қояды. Жұмысқа уақыт мәтіннің көлеміне қарай бөлінеді.

### **9. «Пирамида тарихы» әдісі**

**Жолдың номерін сөздің саны білдіретін, «пирамидаға» сыйғызылған ерекше құрылым жатыр:**

- 1) басты кейіпкердің аты (тақырыптың);
- 2) мінездеме немесе сипаттама;
- 3) әрекеттің орны (пайдалану);
- 4) проблема;
- 5) жағдайдың өрісін сипаттау;
- 6) проблеманы шешу үшін не қолданылды.
- 7) проблеманы шешу және ары қарай не болатынын болжау.

### **10. Әсер ететін факторларды талдау және есепке алу әдісі**

Әсер ететін факторларды талдау және есепке алу әдісі (БФЕ), үдерістің нәтижесіне нақты маңыздылығы бар, факторлардың толық тізімдемесін анықтайтын, оны жүзеге асыру бойынша әрекеттерге кірісуге және жоспар құруға оқушыға мүмкіндік беретін тиімді механизмді ұсынады.

### **Сыныптың жоспарлауы және оқушылардың өзара қарым-қатынасының қағидасы**

Әдісті «әткеншек» қағидасы бойынша қолдану ұсынылады, яғни оқушылардың топтары сыныптағы түрлі тақталарға кезектесіп келулері қажет, немесе қозғалмай өз орындарында отырып жұмыстарының материалдарын топта артында отырғанға беру арқылы.

### **Әдісті жүзеге асыру алгоритмі**

Педагог жоспарлау және шешімдер қабылдау процесінде талдау және барлық факторларды ескеру маңыздылығын оқушылармен талқылауға ниет білдіреді.

Топтың жағдайында оқушылар әзірленген нысанды-сұрақнаманы толтырады. Әрекет ететін факторлардың талдауы және есебі

### **БФЕ-нің үлгі сценарийі**

Қазақстанға келетін туристердің және іскер топтардың көбейіп келе жатқан санын толығымен қабылдау үшін Астана әуежайының терминалын және ұшу-қону жолағын қайта жоспарлауға өтініш берілген. Кәсіпкерлік және туристік департаменттердің басшылары жоспарды қолдайды, алайда жергілікті тұрғындар мен қоршаған ортаны қорғаушылар қарсылық білдіріп отыр. Түпкілікті шешім қабылдау барысында қандай факторлар ескерілуге тиіс?

3. БФЕ сауалнамалары толтырылғаннан кейін оқушылар топтар арасында ауысып, басқа топтар айтқан факторларды қарауы тиіс. Олар өзара бағалау тәсілі ретінде «Екі жүлдыз, бір тілек» стратегиясын пайдалана алады.

4. Бұдан кейін оқушыларға басқа топтардың парақтарында жазылғанның негізінде өздерінің парақтарындағы бастапқы факторларды өзгерту не толықтыру үшін уақыт беріледі.

5. Бұдан кейін барлық факторларды біріктіру мақсатында **жауап алу** жүргізіледі, сөйтіп барлық топ өзіне пайдалысын алады.

<b>5.Барлық факторларды қорыту мақсатында сауалнама жүргізу.</b>
<b>БФЕ нысанды-сұрақнама:</b>
Артықшылықтары /иә
Кемшіліктері /қарсы
Назар аударатын аспектiлер
Артықшылықтары/ иә
Кемшіліктері /қарсы
Назар аударатын аспектiлер

Барлық факторларды талқылағаннан кейін ... деп ойлаймын.

### **11. КАРТОЧКАЛАР ИЕРАРХИЯСЫ**

Бұл тапсырма оқушыларға идеялар мен ақпаратты басымдығы бойынша орналастырып, неге бұлай орналастырғандарын дәлелдеп, талқы жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осыған ұқсас «**Гауһарлар иерархиясын**» қараңыз.

#### **Сыныпты жоспарлау**

Оқушылар тақтаның немесе қабырғаның жанында жұмыс істейді. Немесе топтарға үстел басында жұмыс істеуге болады.

#### **Жұмыс алгоритмі**

- Шағын топтардағы оқушыларға бірнеше карточка беріледі.
- Оқушылар оларды маңыздылық/басымдығына қарай орналастырады. Оларды тігінен немесе қатарлап қоюға болады.
- Бұдан кейін оқушылар сынып ішінде сұрақты талқылауды бастар алдында бір бірінің рейтингілерін салыстыра алады.
- Осы тапсырманы орындағаннан кейін **жауап алу** жүргізу пайдалы болуы ықтимал.
- Идеяларды одан әрі зерделеу үшін «**Бес сұрақ**» сияқты басқа әдістерді пайдалануға болады.

### **12. «Бес сұрақ» әдісі**

Бұл әдіс ақпарат жинақтауға арналған, ол сондай-ақ оқушыларға мәселені терең зерделеуге немесе оны шағын тақырыптарға немесе тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Аталған әдіс іс-әрекетті жоспарлауға және мақсат белгілеуге ықпал етуі мүмкін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыруды көздейді. Ақпарат жинақтауға арналған тапсырмалар

үшін осы әдіспен бірге «Идеялар тасқынын» мен «Стикерлер топтамасын» қолдануға болады.

### **Жұмыс алгоритмі**

Үлкен қағаз бен маркер керек.

Оқушыларға «Қалай» немесе «Неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады.

Ұсыныстар оқу плакатында жазылады.

Мұғалімдер идеяларды дамытып, одан арғы идеяларды зерделеу үшін бір сұрау есімдігін пайдаланады.

Мұғалімдер идея/ұсыныс толық қарастырылғанша дейін бірдей сұрағы бар сұрақтарды пайдалануды жалғастыра береді.

### **13. «БІР МИНУТ» әдісі**

Бұл әдіс оқушыларда оқылған материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, сондай-ақ белсенді тыңдау дағдысын дамытады. Аталған әдісті «**Ыстық орындық**» тапсырмасымен байланыстыруға болады. **Сыныпты жоспарлау** топқа қаратып бір «ыстық» орындық қойылады. Сондай-ақ барынша жайлы қарым-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында «ыстық» орындықты дөңгеленіп отырған балалардың ортасына қоюға болады.

#### **Әдісті жүзеге асыру алгоритмі**

- Оқушылар тиісті тақырыпты зерделеп, өздері негізгі деп санайтын ақпаратты атап көрсетеді. Оқушыларға рөлді топта немесе жеке зерттеуіне болады.
- Оқуға берілген уақыттан кейін оқушылар «ыстық» орындыққа отырып, бір минуттың ішінде өздерінің басты қорытындысын/ақпаратын ұсынады.
- Басқа оқушылар мұқият тыңдаулары керек, егер де олар «ыстық» орындықтағы баланың тақырыптан ауытқығанын немесе қайталанғанын, күмәнді деректер келтіргенін аңғарса, олар наразылық білдіре алады. Мұндай жағдай орын алса, уақыт тоқтатылады.
- Ұйымдастырушы наразылықтың дұрыс/бұрыстығын шешіп, өз шешімін дәйектеуі қажет.
- Егер де наразылық дұрыс деп танылса, онда «ыстық» орындықтағы оқушы ойыннан шығып, орындықты босатады. Наразылық танытқан оқушы ұпай алады.
- Егер де наразылықтан бас тартылса, онда оқушы басқа наразылық білдірілгенше дейін немесе бір минут аяқталғанша өз сөзін жалғастырады. Егер оқушы өзіне тиесілі минут бойынша «ыстық» орындықта отыра алса, ұпай алады.
- Қосымша тапсырма ретінде оқушылармен «**Тұжырымдамалық карта**» ойынын ойнауға болады, ойын барысында олар «Бір минут» тапсырмасын орындаған кезде алған барлық ақпаратты жинақтайды және құрылымдайды.

### **14. Ойын жинақтау әдісі**

Түсінік- бұл логикалық түрде ресімделген зат туралы жалпы бір нәрсенің идеясы. Ойын жинақтау әдісі оқытылатын пән немесе зат құбылыс туралы терең және толық мәлімет береді.

Ойын жинақтау 3 кезеңмен өткізіледі.

1) Мұғалім ұғымдар сипаттамаларына кіріспе береді.

Бұл сипаттамалар бойынша оқушылар қандай түсінік туралы әңгіменің өрбігенін.

2) Мұғалімнің ұғымға қосымша мінездеме енгізу.

Сипаттамалар осы ұғымға жататындығын оқушылар анықтауы қажет.

3) Сабақта әлі айтылмаған оқушылар өздерінің сипаттамаларын беруге тиіс.

Осы ұғым бойынша оқушылар қорытынды жасайды.

### **15. «Сүйсіну» әдісі.**

«Жағымды» тарихи қайраткерлерді оқығанда қолданады. Өзіңе ереше ұнайтын қасиеттерді табу, оларды атау не үшін екенін түсіндіру.

### **16. Р А Ф Т**

Жазушы немесе әңгімелеуші өзіне рөл таңдайды яғни мәтінді өз атынан емес жазады.

- Р– рөл,кімнің атынан құралған мәтін
- А- аудитория, кімге жолданған мәтін
- Ф- форма
- Т – тақырып

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде оған кері әсер ететін кедергілердің де бар екенін әр уақытта есімізде ұстаймыз.

Ондай кедергілер:

1. Оқушының әлеуметтік жағдайының болмауы.
2. Психологиялық жағынан ойлау, қиялдың төмен болуы. Өз күшіне сенбеуі, жалқаулығы.
3. Денсаулығының нашарлығы.

Сондықтан мұғалім өз пәнін үйрету барысында әр оқушыны зерттеп, олардың өміріндегі осындай кемшіліктері болса, оны алдын-ала анықтау керек.

Мен ұстаз ретінде әр оқушыны болашақ азамат ретінде бағалап, осы тұжырымдаманы өз қызметіме басшылыққа аламын. Оқушы бойындағы шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен – күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, оқушы дүниетанымы одан әрі арта түсері анық.

Бүгінгі күні ХХІ ғасырдың ақпараттанған, жан-жақты мәдениетті, іскер, өмірге икемделген, бәсекеге қабілетті дарынды шәкірт тәрбиелеу барша ұстаздың міндеті.

Қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданып жүрген «Танертеңгілік жиын», «Шаттық шеңбері»,

«Топтастыру стратегиясы», «Венн диаграммасы», «Кубизм стратегиясы»,

«Сәйкестендіру» және «Болжау стратегиясы» оқушылардың білім

жинақтауда жан – жақты ашыла түсуіне үлкен жол ашады.

1. *Өзіндік жұмысқа* арналған дәптерлерді жиі пайдалану Өзіндік жұмысқа арналған дәптерлер оқушының өз біліміне деген жауапкершілігін арттыра түседі. Егер Сіз жұмыстың көп бөлігін оқушының өзіне жүктеп қойсаңыз, балаларда өз бетінше оқу және әрекет ету дағдысы дами бастайды. Балаларға барынша көп жауапкершілік жүктесек, олардың тұлғалық өсу барысындағы алға ұмтылушылық қасиеттері соншалықты жоғары болмақ.

2. *Қызықты сұрақтарға* толы алты қыр 80-жылдардың соңында америкалық телевизияда қатысушылары алты қырлы ойын алаңында қозғалуы тиіс викторина танымал болатын. Егер қатысушы беліген сұраққа дұрыс жауап берсе, сұрақтарға байланысты алты қырды өздері таңдайтын. Ал, мектептегі сабақты да осы қағида негізінде ұйымдастырса ше? Оқушылар теориялық және тәжірибелік материалдарды да осылай өңдей алады. Бірақ ең бастысы – оқушылар өз қызығушылықтарына баса назар аударатын болады. Сұрақтың қиындығына байланысты әрбір деңгейге сәйкес түс белгіленіп, оқушылар өз алты қырларының толықтай боялуы үшін барлық сұрақтарға жауап беруілері тиіс.
3. «*Қызанақ әдісі*» Сіздер сабақ барысы 20-25 минуттық сессияларға бөлінетін, кейін мұқияттылықты қалыпқа келтіретін бес минуттық үзіліс «қызанақ әдісі» туралы естіген боларсыз. Бұл әдіс маңызды емтихандарға дайындық кезінде өте пайдалы және сабаққа еш қызығушылығы қалмаған оқушыларды «оятуға» мүмкіндік береді. Егер, Сіз өткен сабақтағы материалды қайталағыңыз келсе, былай істеңіз: оқушы 15 минуттың ішінде материалды өз бетінше қайталап, кейін 5 минут өз қайталағанын тексеруі қажет, кейінгі 5 минут демалысқа жұмсалуды тиіс. Бұл техниканы пайдаланбас бұрын, тиімді қайталау әдісі туралы оқушылардың естеріне салыңыз.
4. Оқушылар мұғалімдердің орнында Оқушылар сабақ барысында өз ұстаздарын алмастыра алады – бұл өз кезегінде жақсы нәтиже бермек. Көптеген зерттеулер алдымен материалды жаттап алып, оны біраз еске түсіргеннен кейін ғана басқа біреуге түсіндіру оңай екендігін дәлелдеді. Бұл әдісті шағын топтармен қатар, жоғары сыныптардағы сабақ барысында да пайдалануға болады. Бұл жағдайда мұғалім рөлін оқушылар да сомдай алады. Оқушыларды мұғалім рөлінде болатындықтары жайлы алдын ала ескертіп қойған жөн, өйткені олардың сабаққа дайындалып, сабақты барынша жақсы өткізулеріне жағдай жасау қажет.
5. Шешім қабылдауға баулитын жаттығулар Көбіне-көп оқушылар берілген жаңа материалды қас-қағым сәтте игеріп алғандай әсер қалдырады. Алайда алған білімді тәжірибе жүзінде пайдалану кезінде оқушылар қиындыққа тап болады. Бұл жағдайда тек өз білімді ғана көрсететін емес, сонымен қатар материалды игеру деңгейін көрсететін жаттығу жасатып көріңіз. Мәселен, география сабағында оқушылар төтенше жағдайларға халықаралық жауап беру және біздің планетамыздың түрлі аймақтары арасындағы ресурстарды үлестіру бойынша жоспарды өз беттерінше ойлап тапқан. Ең бастысы – оқушылар басшылыққа алатын ойын ережелерін нақты белгілеу қажет. Осылайша оқушылар өз білімдері мен шығармашылық ойлау қабілеттерін өмірде кездесетін жағдайларда пайдаланатын болады.
6. Қысқаша презентациялар Сөзсіз, ауызша сөз сөйлеу, баяндама жасау біз ойлағаннан да көп уақытты талап етеді. Апта соңындағы сабақтарда әңгімелесу үрдісін оқу мақсатында неге пайдаланбасқа? Оқушылар белгілі бір тақырыпта презентация жасап, қазір қандай тақырыптарды өтіп жатқандықтары туралы айтып, сабақ барысында шағын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін бірден бере алады. Жұмысқа кіріскенге дейін тәжірибеге бөлінетін уақыт жайында балалармен алдын ала келісіп алған жөн.



7. Болашақ сөз шеберіне арналған жаттығу Жұртшылық алдында сөз сөйлеу қабілетін үнемі дамытып отыру маңызды. Бұл өз кезегінде презентация қорғау немесе сөзжарыстарға дайындық кезінде көмегін тигізетін болады. Әрбір сабақта қысқа да нұсқа сөз сөйлеп, өз ойыңызды анық жеткізуге тырысыңыз. Бұл көптеген дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Көпшіліктің алдында сөз сөйлеу шеберлігі, сенімділік, сауаттылық, пәнді жетік меңгеру – үнемі жаттықтырылуы тиіс маңызды 4 нәрсе. Сондай-ақ, оқушыларға презентация үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері аудитория мен презентация жүргізіліп жатқан нақты сол жердегі жағдайға байланысты екендігін түсіндіру қажет.
8. Жаңалықтар желісіндегі әдістеме Оқушылардың бойында көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдысымен қатар, айналада болып жатқан жаңалықтардан хабардар болу қабілетін дамыту жайлы ұмытпағанымыз абзал. Бұл әдіс балаларды бір қарағанда өздеріне қатысы жоқ сияқты көрінетін оқиғалармен қызықтыруға көмектеседі. Оқушылар топ-топқа бөлініп, жаңалық жаршылары қандай да бір жаңалық дайындайды. Оқушыларды ақпарат ұсыну дағдысына баулып, фактілерді тексеру маңыздылығына назарларын аудару қажет. Балалардың Интернетке көп жүгінулеріне жол бермеңіз!
9. Нақты тақырыпқа арналған квест Апта соңында оқушылардың көңілдерін аулауға арналған тағы бір жақсы әдіс. Пәнге байланысты квесттің жеңіл не қиын болуын өздеріңіз шешіп алыңыз. Оқушыларды екі-екіден бөліп, оларға табулары тиіс заттардың тізімін беріңіз. Олар іздеу жұмыстары барысында тек өз күштеріне ғана сенулері керек. Осындай формадағы теориялық материалды меңгеру әлдеқайда жеңіл, ал практикалық тапсырмалар оқушылардың бар көңілдерін аулауға көмектеседі. Сізден бар талап етілетіні – сыныпта 20-30 зат жасырып қою және өз пәніңізбен байланысты тапсырмаларды ойлап табу.
10. Жарнамалық кампания Оқушылардың өздеріне нағыз жарнамалық кампания ойлап табуларына рұқсат етіңіз, яғни жарнамалық плакат немесе жарнамалық мәтін жазу, кейін аудиториянды өз идеяның дұрыстығына сендіру. Біріншіден, оқушылар контраргументтерді алдын ала болжай алуға, екіншіден - білімдері мен біліктіліктеріне жүгіне отырып, өз ой-пікірлерін соңына дейін жақтауға дағдыланады. Осылайша, оқушыларды тек теорияны жаттауға ғана емес, сонымен қатар өз алған білімдерін тәжірибеде пайдалана алуға баулимыз.

### **Қорытынды**

Егемендігін алған елімізде жаңа ғасыр алдында оқытудың жаңа жүйесі қалыптасуда, ертеңгі күнге бағытталған рухани жаңарудың іргетасы қалануда. Оқушылардың ақыл — ойын, шығармашылығын дамыту мәселелерін шешеді. Білімнің сапасын көтереді. Бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, өз ойын ашық, қысылмай жеткізе білуін, ынтасын дамыта түседі. Баланың қандай болса да кез келген шығармашылық талпынысын құптауымыз керек. Себебі оның астарында баланың таза, ашылмаған шығармашылық бастауы жатыр. О. Бальзактың “Ұдайы еңбек ету — өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Оқу әрекетінің мазмұны арқылы шығармашылық қабілетті ашу, жетілдіру. Оқушының білім мазмұнындағы ғылыми ұғымдардың үлесін арттыру арқылы оқушыны шығармашылық әрекет жағдайларына әкелетін ішкі байланыстарды ашуға мүмкіндік туғызып, жағдай жасау керек. Оқушы ойлауының барлық түрлерін диагностикалық бірлік арқылы дамыту керек.

Қорыта айтқанда , жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда үнемі түрлендіріп, тиімді пайдалану, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың бірден-бір жолы. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл, елінің ертеңін ойлар жас жеткіншектерді тәрбиелей аламыз.

### **13. Тәжірибенің қорытындысы: (кестелік-графикалық және мәтіндік)**

- ✓ Жапар Султанна «ПОНИ» республикалық олимпиада Диплом. 2018-2019
- ✓ Абылай Мейірхан «ПОНИ» республикалық олимпиада Диплом. 2018-2019
- ✓ Шаяхметова Альнура «ПОНИ» республикалық олимпиада Диплом. 2018-2019
- ✓ Сембай Дидар «ПОНИ» республикалық олимпиада Диплом. 2018-2019ж
- ✓ Жүніс Алдияр «ПОНИ» республикалық олимпиада Диплом. 2018-2019ж
- ✓ Жүніс Алдияр «ЭРҮДИТ» республикалық байқау I дәрежелі Диплом №010/045. 2019ж
- ✓ Сембай Дастан «ЭРҮДИТ» республикалық байқау I дәрежелі Диплом №010/026. 2019ж
- ✓ Шаяхметова Альнура «ЭРҮДИТ» республикалық байқау I дәрежелі Диплом № 010/047. 2019ж
- ✓ Абылай Мейірхан «ZIYAT-UNIOR» республикалық қашықтық олимпиада II дәрежелі Диплом 662 /21. 2019-2020
- ✓ Жапар Султанна «ZIYAT-UNIOR» республикалық қашықтық олимпиада II дәрежелі Диплом 662/20. 2019-2020
- ✓ Исаева Жанура «ZIYAT-UNIOR» республикалық қашықтық олимпиада II дәрежелі Диплом 662 /22. 2019-2020
- ✓ Сембай Дидар «Ақ бота» республикалық олимпиада II дәрежелі Диплом 2020ж
- ✓ Кусниденова Альбина «Ақ бота» республикалық олимпиада II дәрежелі Диплом 2020ж
- ✓ Едіге Жансая «Ақ бота» республикалық олимпиада III дәрежелі Диплом 2020ж
- ✓ Жапар Султанна «Ақ бота» республикалық олимпиада III дәрежелі Диплом 2020ж

### **14. Көмек.**

#### **14.1. Тәжірибе шығармашылық пайдалану туралы кеңестер:**

Әдістемелік бірлестікте баяндама оқылып талқыланды.

#### **14.2. Тәжірибе туралы ақпарат (қандай көздерден оқуға болады)**

- Ziatker.kz «Мәтіндік ақпаратты ұсыну». Жарияланған материал Сертификат № С 1543558252

- Мектеп сайты
- Ust.kz сайты

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Е.О. Омар. Қазақстандағы мектептен тыс мекемелер: Қалыптасуы және дамуы.- Алматы: Рауан, 2003, 297 б.
2. Е.О. Омар. Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының негізі. – Түркістан; 2004, 248 б.
3. Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы. – Алматы РБК. 1998.-32 б.
4. Дополнительное образование детей. – М.: Изд. Центр ВЛАДОС, 2006. 320 с.  
От внешкольной работы к дополнительному образованию детей, – М.: Просвещение, 2003. 112



Қосымша 1

<p>Пән: дүниетану          Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 4 тарау.          Сәулет өнері          Күні: 03.12.19          Сынып: 3</p>	<p>Мектеп: Ақсу №2 ОМ          Мұғалімнің аты-жөні:          Кадырбаева К.Ж          Қатысқандар саны:9          Қатыспағандар саны: 9</p>
<p>Сабақ тақырыбы</p>	<p>Елді мекендер қандай болады?</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша (типi, көлемi, қызметi) ажырату.          3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру</p>
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p><b>Барлық оқушылар:</b>          - елді мекендерді белгілері бойынша ажыратады.          - қала мен ауылды салыстырады.  <b>Көптеген оқушылар:</b>          - түрі, көлемі, қызметі бойынша елді мекендердің айырмашылықтарын түсіндіреді.          - мысал келтіре отырып қала мен ауыл арасындағы байланысты көрсетеді.  <b>Кейбір оқушылар:</b>          - сабақтың тақырыбы бойынша талқылаулар жүргізеді, пікірлерімен бөліседі.          - оқулықтағы ақпаратты қолданады сұрақтың жауабын нақтылау үшін өмірден мысалдар келтіреді.</p>
<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>-елді мекендерді түрлі белгілері бойынша (типi, көлемi, қызметi) ажыратады          -ауыл мен қаланың ерекшеліктерін сипаттайды.</p>


Тілдік мақсаттар	<p><b>Барлық оқушылар</b> Елді мекендердің түрлерімен танысады. Көлеміне қарай қалалардың әртүрлілігі: миллионер қала, мегаполис қала, ірі қала, үлкен қала, орташа қала, шағын қала, ауыл сөздердің мағынасын ерекшеліктерін біледі.</p> <p><b>Пәнге қатысты лексика мен терминология:</b> Қала, ауыл. Көлеміне қарай қалалардың әртүрлілігі: миллионер қала, ірі қала, үлкен қала, шағын қала.</p> <p><b>Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер:</b> Республикалық маңызы бар қалалар: Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент. Облыс орталықтары: Көкшетау, Ақтау және т.б. Теміржол өтетін ірі қалалар: Риддер, Ақтөбе және т.б. Курортты қалалар: Бурабай, Қаратал және т.б.</p> <p><b>Талқыланатын мәселелер:</b> – елді мекендердің қандай түрлері. – көлемі бойынша қалалар бір-бірінен қалай ерекшеленеді. – қалалық және ауылдық елді мекендерді не байланыстырады және бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар?</p> <p><b>Жазылым:</b> Дәптермен жұмыс</p>
Құндылықтарды дарыту	Оқушылар әр түрлі қызметтері бар қалаларды біліп, олардың ел экономикасына қосар үлесін, қала мен ауылдың рөлін түсінеді.
Пәнаралық байланыстар	Қазақ тілі: анықтама құру дағдылары дамиды. Пікірді блогер ретінде жазуды үйренеді
АКТ қолдану дағдылары	Слайд, интерактивті тақта, тікелей эфир
Бастапқы білім	Оқушылар өз мекен-жайы, елді мекендердің түрі, елді мекендерің географиялық орны туралы түсініктері бар.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин	<b>Психологиялық ахвал</b> «Мимика» бойынша тілек айту Қазір біз сіздермен ойын ойнаймыз, жұптасып тұрамыз, бір-біріңізге жақсы лебіз тілекті іс-қимылмен көрсетіңіз. «Бастаймыз» деген белгі берілгенден кейін ойынымызды бастаймыз.	
2 мин	Бүгін сендерге саяхатшылардың рөлінде болуды	(қала, ауыл,

<p>5 мин</p>	<p>ұсынамын. Сыныбымызды 3 топқа бөлеміз.  <b>Топқа бөлу:</b> Жасырылған сөздерді таңдайды (қала, ауыл, туған жер) таңдаған сөздермен топқа отырады.  <b>(Т)</b> Топ басшылары тапсырмалары бар сиқырлы қорапшаларды таңдайды.                  Тапсырманы оқып шығындар, сызбаларды толтырындар, ауызша жауапты дайындандар.                  Топтың спикерін таңдандар.</p>  <p><b>Қазақстанның қалалары жайында слайд шоу көру.</b>                  Слайд шоуға еліміздің қандай қалалары туралы көрсетілген? <b>«Мозайканы жинап ал?!».</b>                  Оқушылар мозайканы жинап алады. ҚР-ның картасы шығады. Оқушылар не біледі соны айтады.                  Қазақстанда республикалық маңызы бар 3 қаланы картадан табындар.                  Қазақстанда қалалардан бөлек жеті мыңға жуық елді мекендер бар.                  Бүгінгі сабағымызда не жайында айтатын боламыз, қалай ойлайсындар? <b>Оқушылар</b> «Елді мекендер қандай болады?» деген сабақтың тақырыбын және <b>сабақтың мақсаттарын анықтайды.</b> Балалар сабақта:                  - елді мекеннің қандай түрлері бар екенін біледі;                  - қала мен ауыл өмірін салыстыра алады.</p>	<p>туған жер)                  жазылған сөздер</p> <p>Сиқырлы қорапшалар бар тапсырмалар</p> <p>Қазақстанның саяси-әкімшілік картасы</p> <p>Мозайка</p> 
<p>Сабақтың ортасы                  10 минут</p>	<p><b>Оқулықтағы мәтінді оқимыз.</b>                  Электронды қосымшадан «Елді мекендер қандай болады?» бейнематериалын көру.  <b>1-топ.</b> Ауылдың сипаттамасын сызбамен көрсетіңіз. Елді мекендерді белгілері бойынша ажыратыңыз.  <b>2-топ.</b> Қаланың сипаттамасын сызбамен көрсетіңіз. Түрі, көлемі, қызметі бойынша елді мекендердің айырмашылықтарын көрсетіңіз.</p>	<p>Оқулық</p> <p>Плакаттар, маркерлер</p>

**3-топ.** Қала мен ауылды салыстырады. Венн диаграммасын құрастыру. Өнірістерді зерттеу.



**(ҚБ) «Жапондық бағалау».** Оқушылар басқа топтың жұмысына баға береді және келісетіндіктерін немесе келіспейтіндіктерін білдіреді.



5 минут

**Динамикалық үзіліс**

Қалалардың аттарын атау. Сөздегі соңғы әріпті жалғастыру жаңа қаланың атауын айту. Кім айта алмайды сол өз өнерің көрсетеді.

5 минут

**(Ө.Ж) Дәптермен жұмыс**

1. Ауыл – бұл..... адам тұратын елді мекен. Ауыл тұрғындары ..... шаруашылығымен айналысады.

2. Жалғастырып жаз

Республикалық маңызы бар қалалар: Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент

Ірі қалалар: Қарағанды, Ақтөбе, .....

Облыс орталықтары: Ақтау, Көкшетау, .....

Теміржол өтетін ірі қалалар: Тараз, Павлодар, .....

Курортты қалалар: Бурабай, Қаратал, .....



**ҚБ «Үш шапалақ» стратегиясы.** Әр топтың жауабына үш рет шапалақ ұрумен қолдау

Дәптер

Оқулық 36-37 бет



	көрсетіліп отырылады.	
<p>Сабактың соңы</p> <p>8 минут</p>	<p>«Қай жерде өмір сүруге қолайлы?» тақырыпқа пікірталас.</p> <p>Тікелей эфирге Маша досымыз қосылады. Маша балаларға өзінің проблемасын айтады, балалар оны шешу жолын табуға көмектеседі.</p> <p><b>Мұғалім:</b> Балалар бұл Маша оның қоныс аударғысы келеді. Бірақ қалаға немесе ауылға көшерімді білмейді. Балалар Машаға көмектесейік....</p> <p>Балалар сендер Маша қалаға немесе ауылға барып тұруыма көндіре аласыңдар ма?.</p> <p>Сыныптың жартысы ауыл тұрғындары болады. Ауылға көшуге қатысты маңызды дәлелдерді көрсетеді.</p> <p>Қаланың екінші бөлігі қала тұрғындары болады. Олар қалаға көшуге қатысты маңызды дәлелдерді көрсетеді.</p> <p><b>(Т)</b> Екі топқа бөлінген оқушылар ауылдағы өмір мен қаладағы өмірдің артықшылықтарын дәлелдеп береді.</p> <p><b>Мұғалім пікірталасты қорытындылайды.</b></p> <p>Қалада немесе ауылда тұрғаны жақсы ма? Осы сұрақтың жауабын табу үшін екі жаққа барып 1 аптадай тұрып көруіңіз қажет. Сізге қай жақ ыңғайлы, жақсы деген жерде тұруыңыз дұрыс.</p> <p><b>Рефлексия: «Менің пікірім»</b></p> <p>Оқушыларға таратпа парақтар таратылады. Блогер ретінде сабаққа пікірлер жазу ұсынылады.</p> <p><i>Сабақ маған ұнады .....</i></p> <p><i>Тағы қалар едім.....</i></p> <p><i>Рахмет айтқым келеді.....</i></p> <p><b>Үй жұмысы</b></p> <p>Қаладағы өмірдің де, ауылдағы өмірдің де өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. «Қаладағы және ауылдағы өмірдің артықшылықтары мен кемшіліктері» бойынша эссе жазу.</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Тікелей эфир</p> <p>Таратпа парақ</p>
<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>

	<p><b>(ҚБ) «Жапондық бағалау»</b> стратегиясы.  <b>ҚБ «Үш шапалақ»</b> стратегиясы. Әр топтың жауабына үш рет шапалақ ұрумен қолдау көрсетіліп отырылады</p>	<p>Сабақта қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p><b>Рефлексия (жеке):</b>  <b>«Менің пікірім»</b> Оқушыларға таратпа парақтар таратылады. Блогер ретінде сабаққа пікірлер жазу ұсынылады.  <i>Сабақ маған ұнады .....</i>  <i>Тағы қалар едім.....</i>  <i>Рахмет айтқым келеді.....</i></p> <p>Сабақ мақсаттары, оқу мақсаттары дұрыс құрасырылған.          Оқушылардың барлығы ОМ қол жетті.          Сабақта саралау дұрыс жүргізілді.          Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды.</p>	<p><i>Менің ойымша сабақ жақсы деңгейде өтті. Сабақтың барысында әр түрлі әдіс тәсілдер қолданылды. Балаларға бәрі түсінікті, қызықты болды.</i></p>	
<p>Жалпы баға          Өте жақсы          Сабақтың жақсы өткенекі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?          1:          2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?          1:          2:</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жеке келген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		

## Қосымша 2

**Сыныптан тыс-шара «Тәрбие бастауы отбасында»**

**Сабақтың мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетін білім, өзіндік ұлттық қасиетімсізді балалардың бойына дарыту;**Отбасы мүшелерінің** арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, сыпайы, инабатты болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі:, отбасы туралы слайд, видео

**Барысы:**

**I.** Ұйымдастыру. Шаттық шеңбері.«Тәрбие бастауы отбасында» атты тәрбие сағатын өткіземіз.

**II.** Алдымен балалар сабағымызды бастамас бұрын мынандай ойын ойнап жіберейік. Бұл ойынды мынадай жұмбақтар шешу арқылы ойнаймыз

1. Әкелеріңнің әкесі сендерге кім болады?
2. Әкелеріңнің анасы кім болады?
3. Отбасының тірегі кім?
4. Үйдегі алтын қазық кім?

Өзі әкенің ізін қуатын, ал өзінің ізін артындағыларға қуғызатын, әке жоқ кезде әке орнына әке рөлін атқаратын кім Отбасым - менің жүрегім

Отбасым - менің тірегім

Отбасым – менің Отаным

Тек сен деп соғар жүрегім - дегендей отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы. Біздің Отанымыз - егеменді, тәуелсіз қазақ мемлекеті. 130 - дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңдігі керемет дархан далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі мыңғырған, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Олай болса Тәуелсіздігімізге шаң жұқтырмай, оны ең қымбат бұйымымыздай сақтап, құрметтеп келер ұрпақтар қолына аманат етіп тапсыруға тиіспіз. Бүгінгі іс-шарамды жұмбақпен бастамақшымын: Әлемнің тынысы Байлықтың белгісі Ол не? -... (ақша, теңге) Олай болса Мың жаса, тәуелсіз Қазақ елі! - дей келе «Ұлттық валюта-теңге күні»

Міне, бүгін теңге күнім – мерекем,

Қандай дұшпан «олай - бұлай» дер екен.

Осы теңге арқасында келешек,

Елге келер тойымшылық, берекем.

Тәуелсіздік алған елдің ең бір айрықша белгісі-ұлттық валюта. Ол Қазақстан Республикасының төңірегінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ұлттық валютамыз ҚР Президенті 1993жылы 12 қарашадағы жарлығымен 1993 жылдың 15 қараша күні таңертең сағат 8:00 ден бастап енгізілді. Әр мемлекеттің өзіне тән белгілері болады. Бүгінгі сабағымызда сол басты белгілердің бірі Қазақстанның ұлттық валютасы теңге және отбасы туралы әңгімелейміз. Теңге – біздің дербес ел болғанымыздың белгісі. Басқаның валютасына тәуелді болу – барлық байлығыңды біреудің билігіне беру. Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігімізді қамтамасыз етеді. «Тиыннан теңге құралады», - демекші, ақшаны үнемді пайдалану керек.

**Әңгіме:**Әкесінің екі ұлы болыпты. Бірі Асан және Сапар. Әкесі алыс жолға шығып бара жатып балаларын шақырып алып былай дейді: Міне сендерге менің байлығымның бір бөлігі . Бір жылдан соң ораламын. Сонда сендер менің байлығымды қалай сақтағандарыңды көреміз дейді. Қысқа ма ұзақ па уақыт өтке соң әкесі келіп балаларын көріп қауышқан соң балаларынан сұрайды: -Ал, балаларым, мен жоқта қалай тұрдыңдар? Менің байлығымды қалай сақтадыңдар? Сапар жер астындағы орынға түсіп, әкесі берген алтын ақшаны алып шығып –Міне, әке сенің берген ақша . Қарашы қалай сақтағанымды. Әкесі ақшаны алды да Асанға бұрылды. Ал, сен ше? Асан күлімсіреді де қалтасынан 5 алтын ақшаны алып берді. -Мен сен берген ақшаға бір сиыр сатып алдым. Оны жақсылап күтіп едім сүтті көп берді. Оны біз іштік. Артылғанын сатып отырдық. Міне, сен берген ақша 5-еу болды және бір сиыр қорада тұр. Балалар қалай ойлайсыңдар, байлық неден құралады? Еңбектен. Әр отбасы ақшаның құнын бағалау керек. Оны

орынды жұмсай білу керек. Халық арасындағы ақша жайында мақал мәтелдерді еске түсірейік.

- |   |   |
|---|---|
| 1.Теңге тиыннан өсер,<br>Жылқы құлыннан өсер. | 2.Ақша кетуге тырысады,<br>Есеп ұстауға тырысады. |
| 3.Есепсіз дүние жоқ.                          | 4.Базары жақын байымас.                           |

Терең оймен ,шебер тілмен айтылған халық шығармаларында бірде Қазыбек би Төле биге кедейлік неден деп сұрақ беріпті.Сонда Төле би:-Кедейлік үш ағайынды.Оның тұңғышы кежірлік,ортаншысы-еріншектік,кенжесі-ұйқы.Осы үшеуін бойына үйір қылмаған адам кедей болмайды,-деп жауап берген екен.

Тәрбие отбасынан басталады. Отбасының тірегі әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата - анаға, үлкенге қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу – біздің борышымыз. Ата - ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана - отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы. Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласын шыр етіп дүниеге келген күннен бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы-адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек» деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқталған. Әр отбасында ата-ананың орын бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан алады. Әке-шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер-азаматқа жүктеледі.. өсіріп тәрбиелеу-әйел-ананың тікелей міндеті.

Балалардан отбасы туралы қандай жыр шумақтарын білетінін сұрау :

**Мерей:** Әке деген-биік шыңы адамның

Әке деген-тірегі ғой ғаламның.

Әке деген-бойында аққан қаның да,

Шыққан тегің, ол-негізің, жаның да.

Не десенде әке жолы бір бөлек

Қайда жүрсең қолтығыңнан тұр демеп.

**Ерасыл:** Әкем шытса қабағын

«Байқа, балам» дегені

Алған көп-ақ сабағым

Жақсы көрем мен оны.

**Жансая:** Сабағымнан қалмаймын

Бес аламын бәрінен



мейірім

Баланы

Озат оқып әрдайым

Қуантамын әкемді

**Наргиз:** Ана деген – өмірдің мөлдір кәусар бұлағы,

Ана деген – тіршіліктің шұғылалы шуағы.

Ана деген – теңдесі жоқ ұлылық,

Көз алдымда тұлғаң биік тұрады.

**Дидар:** «Балам аман болсын» деп көз ілмеген,

Қуат алдың, анажан, өзің неден?!

Адамдардан жақсылық күте алмаймын

Ана жүрек мейірін түсінбеген

**Жанура:** Ер жетіп есейгенде балапаны

Арайлап атады екен дала таңы

Иіскеп маңдайымнан сипалайтын

Қымбат қой әжелердің алақаны

**Султанна:** Дүниенің жарық күні-анамыз

Жарық күннен қуат алған санамыз.

Ұлы болсақ-анаменен ұлымыз,

Дана болсақ-анамене данамыз.

Өмірге мына бізді ала келген,

Дүние қымбат екен анаменен

**Ән:** «Анашым»

**Отбасы туралы мақал-мәтелдер**

\*Ата-асқар тау, ана-бауырындағы бұлақ, бала-жағасындағы құрақ.

\*Ұлың-қымбат, немерең-ыстық.

\*Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер

\*Ата-бәйтерек, бала-жапырақ

\*Балалы үйдің еңсесі биік.

\*Ұлы бар үйде қуат бар, қызы бар үйде шуақ бар.

**Қорытынды** Қазақ отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері педагог-ғалымдар С. Қалиев, М.Смайылова, “Отбасы кішкентай бір мемлекеттік ұя” деп бекер айтылмаған. Әдетте жақсылықтың бәрі отбасынан басталады. Отбасы - жұртты жақындастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя. Сондықтан да отбасы - барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым.

- Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат анамыз, қамқор әкеміз, қайырымды ата - әжеміз, аға - әпкеміз, іні - қарындасымыз туралы айттық. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек. Қазіргі кезеңде Мемлекетіміз көтеріліп келеді, болашақта білімді, саналы азамат болып өсуімізге барлық жағдай жасалуда. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдаланып

